

ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

TENDENCIES OF DEVELOPMENT OF THE MODERN STATE AND  
RIGHT: QUESTIONS OF THE THEORY AND PRACTICE

III International scientific-theoretical conference  
for students, undergraduates and doctoral candidates

November 26, 2015

ҚАЗІРГІ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУ  
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

студенттер, магистранттар мен докторанттар арналған  
III халықаралық ғылыми-теориятыкалық конференциясы

26 караша 2015 ж.

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА И  
ПРАВА: ВОПРОСЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ

III Международная научно-теоретическая конференция  
для студентов, магистрантов и докторантов

26 ноября 2015 г.

Алматы - 2015

37. Мурабилдаева М.А.  
ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ  
АРАҚАТЫНАСЫ..... 200
38. Абдыкадырова Ж.  
ТЕОРЕТИКО-ПРАВОВАЯ ПРОБЛЕМАТИКА ОБЕСПЕЧЕНИЯ  
ПРАВОВОГО ПОВЕДЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН..... 203
39. Ахметова Д.М.  
НЕОПРЕДЕЛЕННЫЙ ПРАВОВОЙ СТАТУС НОТАРИУСА..... 207
40. Мусабек А.  
ДІНИ НОРМАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАНЫҢ  
АРАҚАТЫНАСЫ..... 215
41. Қожабек Қ.М.  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР  
МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 219

Ибраева А.  
д.ю.н., профе

Темержанов  
магистрант 1 курса юриди  
КазНУ им. аль-

### ФУНКЦИИ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация: Глобальные проблемы в современном мире. Проблемы всех государств мира. Государство реализует различные функции в деятельности: экономическую, правовую, социальную. Государство реализует различные функции глобальными проблемами.

Ключевые слова: государство, глобальные проблемы, суверенитет, терроризм, международные отношения, масштаб.

Вопрос о функциях государства, функционировании государства. В современном мире встречаются различные варианты организации государства. Академик Баймаханов выделяет два основных подхода.

Во-первых, функция государства его социальное предназначение, задачи и достижения целей.

Во-вторых, понятие функций государства или прямо отождествляется с понятием деятельности.

Полагаем, что нельзя отождествлять фактическую деятельность государства с функциями государства. При функционировании государства предполагается использование функций государства. При характеристике государственной деятельности или классовых потребностей государства, оно лишь переносится на функции государства.

Основными функциями государства являются: охранительная, так и регулятивная, охрана всех существующих общественных отношений. В общей сложности все функции играют значительную роль в развитии государства.

Қожабек Қ.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Заң факультеті

#### Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын құқықтық реттеуге бағытталған қолданыстағы заңнамасы зерттелінген. Соның ішінде Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске сипаттама беріліп, азаматтардың денсаулығын қорғауға қатысы бар заңнамаға талдау жасалынған. Азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге байланысты ұсыныстар берілген.

#### Resume

The article is focused on the research of the legal regulation on the healthcare by appropriate legislation of the Republic of Kazakhstan, including description given to a Code on public health and healthcare system. There is also made an analysis on the legislation of the health protection of citizens. It gives a proposal for improving legislation on the healthcare system.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адамның өмірі, оның денсаулығы табиғи құқықтардың ішіндегі – ең бастысы. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабының 1-тармағында: «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар», деп ал осы баптың 2-тармағында: «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ», екендігі бекітіледі. Қазақстан Республикасының Конституциясы осы аталған құқықтар мен бостандықтармен қатар, адам құқықтары жөніндегі қазіргі заманғы әлемдік стандарттарға және адам құқықтары жөніндегі халықаралық пактілерге сәйкес келетін адам құқықтарының кең көлемін қамтиды. Олардың қатарына: әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы (16-бап), адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтындығы (17-бап), әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалу құқығы «18-бап), әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақысы. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін тандап алуға құқығы (19-бап), меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығы (26-бап), денсаулығын сақтау құқығы. Республика азаматтарының заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақысы (29-бап) және т.б. жатады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының сәйкес: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады»[1].

Демек біздің еліміздің денсаулық сақтау жүйесі де мемлекет бекіткенхалықаралық шарттардың нормаларына сәйкес келуі қажет.

Конституцияда және өзге нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген адамның табиғи (тумысынан және ажырамас) құқықтары мен бостандықтары қолданыстағы позитивтік құқықтың қайнар көздері жүйесінде жоғарғы орында тұрады және жоғарғы заңи күшке ие болады. Коллизиялық жағдайлар туындаған кезде олар барлық құқықтың қайнар көзерінен басым болады, ал олар өз кезегінде ресми танылған және бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарына байланысты нормаларға қайшы келмеуі қажет.

Ал енді, біздің зерттеуімізге тікелей қатысты, денсаулық мәселесін де қамтитын «әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деген нормасына тоқталып өтсек. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің берген ресми түсініктемесіне сай: «Конституцияның I-бөлімінің бұл жалпы ережесі, Қазақстан, мемлекеттің мүмкіншілігіне қарай отырып, өзінің азаматтарына игілікті өмір сүру үшін жағдай жасау және жеке адамның еркін дамуы арқылы әлеуметтік теңсіздікті жұмсартуға міндеттеме алатын мемлекет ретінде дамуға ниет танытады дегенді білдіреді»[2]. Ал мұндағы «өзін орнықтырады» деген ұғым, еліміздің әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстан даму болашағының әлеуметтік бағдар алғаның көрсетіп, оған созсіздік және әлеуметтендіру процесіне бағытталғандық сипат береді.

Қазақстанның өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруы Конституцияның мынадай ережелерімен ашыла түседі: азаматтардың жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға, тынығу, заңмен берілген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мерке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа құқығы (24-бап); жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған жағдайда ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуға кепілдік берілуі және ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасаудың және қайырымдылықтың көтермеленуі (28-бап); азаматтардың денсаулық сақтауға, заңмен белгіленген кепілді медициналық көмек көлемін тегін алуға құқығы (29-бап); тегін орта білім алуға, конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға кепілдік берілуі (30-бап); адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны мемлекеттік қорғау (31-бап); отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттік қорғау (27-бап);

Қазақстанда қабылданатын әлеуметтік маңызды және денсаулық сақтау аясын құқықтық реттеуге бағытталған барлық заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер конституцияның осы ережелерінің қағидаларынан туындап, оған қайшы келмеуі тиіс. Конституцияда бекітілген нормалардың құқықтық мемлекеттегі мәні де осыдан тұрады. Өйткені Қазақстан Республикасының Конституциясы елдің нормативтік-құқықтық жүйесінде ең жоғарғы заңи күшке ие, сонымен қатар басты құқық бекітуші нормативтік акт болып табылады және мемлекеттегі қолданыстағы құқықтың жүйесін анықтайды.

Демек, осындай қағидаларға негізделген азаматтардың азаматтардың денсаулық сақтауға, заңмен белгіленген кепілді медициналық көмек көлемін тегін алуға құқығы Конституцияның 29-бабында белгіленген. Енді біз осы нормалардың одан әрі жүзеге асырылу жолдары мен мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына талдау жасасак.

Адамның денсаулыққа құқығы кешенді сипатқа ие және ол адам денсаулығы мен құқықтарының, бостандықтарына әсер ететін қоғамдық қатынастардың көптеген қырларын қамтиды. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын құқықтық реттеуге бағытталған тұтас құқықтық институттар да бар. Олардың ішінде азаматтардың денсаулығына әсер етуші факторлар туралы ақпараттарға құқық, азаматтардың әлеуметтік, медициналық көмектерге құқығы, халықтың жекелеген топтарының денсаулық сақтау саласындағы құқықтары және т.б. Жоғарыда аталып өткендей, азаматтарға кепілдік берілген медициналық көмекке құқық Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Бұл құқық денсаулық сақтау саласындағы құқықтар қатарына жатқанымен, салыстырмалы түрде дербес және адам және азамат құқықтарының жүйесінде маңызды орынға ие.

1992 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының толыққанды мүшесі бола отырып, «21 ғасыр баршаның денсаулығы мықты болуы үшін», атты үндеуді бекіткен «Денсаулық сақтау жөніндегі Бүкіләлемдік декларацияны» іске асыруды міндеттеме ретінде қабылдады.

Қазіргі қолданыстағы Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс қабылданғанға дейін денсаулық сақтау саласында мынадай арнайы заңдар қолданылды: 1994 жылдың 5 қазанындағы «АКТҚ инфекциясының және ЖКТБ-ның алдын алу мен емдеу туралы», 1997 жылдың 16 сәуіріндегі «Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы»; 1999 жылдың 10 желтоқсанындағы «Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы», 2002 жылдың 27 мамырындағы «Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту туралы», 2002 жылдың 10 шілдесіндегі «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы», 2002 жылдың 4 желтоқсанындағы «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы», 2003 жылдың 4 маусымындағы «Денсаулық сақтау жүйесі туралы», 2004 жылдың 13 қаңтарындағы «Дәрілік заттар туралы», 2005 жылдың 28 маусымындағы «Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы», 2004 жылдың 16 маусымындағы «Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы», «азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» 2006 жылдың 7 шілдесіндегі заңдар.

Қазіргі қолданыстағы 18 қыркүйек 2009 жылғы Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс денсаулық сақтау саласындағы мәселелердің барлық жағын қамтуға талпынған алғашқы кешенді нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Осы кодекстің қабылдануымен

жоғарыдағы аталған арнайы заңдардың барлығының күші жойылды [3]. Сонымен бір мезгілде оның негізгі нормалары жетілдіріле отырып аталған кодексте сақталды.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің қабылдануы денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы жетілдіру мен халық денсаулығын құқықтық қорғау және денсаулық саласын мемлекеттік реттеудегі үлкен кадам болды. Бұл кодекс денсаулық сақтау жүйесін ғана емес, қоғамдық қатынастардың кең шеңберін қамтыды. Онда халық денсаулығы мемлекеттік маңызы бар проблема ретінде бекітілді.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 2-бабында алғаш рет бұл кодекстің «азаматтардың денсаулық сақтауға конституциялық құқығын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейдіндігі» жарияланады. Кодекс екі бөлімнен тұрады: Жалпы бөлім және Ерекше бөлім. Жалпы бөлімде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу мен басқарудың құқықтық негіздері, денсаулық сақтау саласындағы лицензиялау, аккредиттеу және аттестаттау мәселелері, денсаулық сақтау саласындағы стандарттар, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сәйкестігін растау және жарнама мәселелері, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау мәселелері, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру мәселелері, денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру мәселелері, денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері секілді ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері реттелінеді. Ал Ерекше бөлімде: еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы және медициналық көмекті ұйымдастыру мәселелері, медициналық қызметтің мазмұны мен түрлері, медициналық көмектің мазмұны, денсаулық сақтау саласындағы сараптама мәселелері, фармацевтикалық қызмет және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысының мәселелері, денсаулық сақтау саласындағы құқықтар мен міндеттер және оларды қамтамасыз етудің кепілдіктері, адамның ұрпақты болу құқықтары, туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мәселелері, АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мәселелері, психикасының бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мәселелері, алкогольмен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мәселелері, азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсету мәселелері, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметтің мәселелері, қоғамдық денсаулықты сақтау мәселелері, донорлық және транспланттау мәселелері, денсаулық сақтау саласындағы білім беру мен ғылым мәселелері, медицина және фармацевтика қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.

олардың еңбек қатынастары айқындалып, реттелінеді және медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексі бекітіледі.

Талданып отырған кодекстің маңызды бөлімі, азаматтардың денсаулыққа құқықтарын қамтамасыз етудің тетіктерін айқындаған бесінші бөлімі болып табылады. Бұл бөлімде, адамдардың денсаулық саласындағы құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оларды қамтамасыз етудің кепілдіктері, адамдардың ұрпақты болу құқықтарын қорғау, туберкулезбен ауыратын науқастарға әлеуметтік қолдау мен медициналық көмек көрсету, адамның иммун тапшылығы вирусы мен жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен ауыратын науқастарға әлеуметтік қолдау мен медициналық көмек көрсету, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға әлеуметтік қолдау және медициналық көмек көрсету, алкоголизммен және нашакорлықпен, сонымен қатар уытқұмарлықпен ауыратындарға әлеуметтік қолдау мен медициналық көмек көрсету, азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсету, иондаушы сәулеленудің әсеріне ұшыраған азаматтарға медициналық көмек көрсету, экологиялық зілзала салдарынан зардап шеккен азаматтарға медициналық көмек көрсету, бас бостандығы шектеулі азаматтарға медициналық көмек көрсету). Сонымен бірге, биологиялық өлімді анықтау, өмірге дем беру жөніндегі жасанды шараларды тоқтату, хирургиялық араласу, қан және оның компоненттерін құю мен диагностикалық инвазиялық әдістерді қолдану тәртібін, эвтаназия, анатомиялық сый секілді денсаулық саласындағы жекелеген қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері анықталған. Айта өтерлік жайт, бұндай жекелеген қатынастар біздің заңнамамызда алғаш рет бекітілін, оларға құқықтық түсініктеме беріліп отыр.

Байқап отырғанымыздай, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі денсаулық сақтау саласын құқықтық реттеуге бағытталған жүйеленген заң нормаларынан құралып отыр. Сондықтан осы кодексті саланын негізгі заңы деп атай аламыз. Сонымен қатар кейбір нормалары осы саланы реттеуге бағытталған заңдар да бар. Олар: ҚР-ның Бюджет кодексі, ҚР-ның Еңбек кодексі, ҚР Экологиялық кодексі, Дене шынықтыру және спорт туралы, Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кпілдіктері туралы Заң, ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңы, ҚР –ның арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Заңы, ҚР-ның тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы Заң, Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңы, ҚР ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы Заңы.

Енді осы аталған заңдардың денсаулық сақтауға бағытталған нормаларына тоқталып өтсек. Бюджет туралы кодексте бюджеттік бағдарламалар деген ұғым бар, еліміздің денсаулық сақтау саласына бөлінентін қаржысы осы бюджеттік бағдарламалардың негізгілерінің бірі болып табылады [4]. Ал тиісті қаржы жылдарына арналған Республикалық бюджет туралы Заңды қабылдағанда денсаулық сақтау саласына нақтылы

қанша қаржы бөлінегіндігі бекітіледі. Қазақстан республикасының еңбек кодексі азаматтардың денсаулығына байланысты көптеген нормаларды қамтиды. Бұл кодексте адам денсаулығына қатысты «ауыр жұмыстар», «еңбек гигиенасы», «еңбек жағдайлары», «еңбек қауіпсіздігі», «еңбек қауіпсіздігі жағдайлары», «еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтер», «еңбекті қорғау», «зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайлары», «зиянды өндірістік фактор», «кәсіптік ауру», «қауіпсіздік нормалары», «қауіпті еңбек жағдайлары», «қауіпті өндірістік фактор», «өндірістегі жазатайым оқиға», «өндірістік жаракат», «өндірістік санитария», «өтемақы төлемдері» ұғымдары айқындалған [5]. Сонымен қатар осы ұғымдарға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар реттелінген.

Еліміздің конституциясының 31-бабының 1-тармағында, «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды», деп бекітілген. Осындағы адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы ортаның түсінгі ҚР-ның Экологиялық кодексінде берілген. Оған сәйкес, «қолайлы қоршаған орта - жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биоәртүрлілікті сақтауды, ластануды болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта» [6]. Сондай-ақ «адамның өмірі мен денсаулығына қатысты қалдықтарды сыныптау», «қауіпті қалдықтар», «қоршаған ортаға келтірілетін залал», «қоршаған орта сапасының нормативтері», «қоршаған ортаның авариялық ластануы», «қоршаған ортаны ластау», «қоршаған ортаның сапасы, экологиялық қауіпсіздік», «экологиялық сараптама» ұғымдарына анықтама беріліп, осыларға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар реттелінген.

Қазақстан Республикасының 19 мамыр 2015 жылы қабылданған «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Заңы әлеуметтік қорғау саласы, соның ішінде денсаулық сақтау саласы заңнамасы жүйесінде ерекше орын алады деуге болады. Осы заңға сәйкес ең төменгі әлеуметтік стандарттар жүйесін «...еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, отбасы және балалар, денсаулық сақтау, мәдени, дене шынықтыру және спорт, тегін заң көмегін көрсету салаларындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттар жиынтығы құрайды»[7]. Заңның 29-бабына сәйкес, денсаулық сақтау саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарт тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен денсаулық сақтаудың көрсетілетін қызметтерінің халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заң біздің еліміздің әлеуметтік бағдар алған әлеуметтік мемлекет құруының айқын дәлелінің бірі болып табылады десек, артық айтқандық емес. 2005 жылдың 13 сәуірінде қабылданған Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңы: «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектерді әлеуметтік



корғауды қамтамасыз етудің, олардың тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы» үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын айқындайды» [8].

Елімізде орын алған орасан зор табиғи апат Арал теңізінің тартылып кетуі, осы саладағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді талап етті. Осындай мақсатта қабылданған арнайы заңның бірі «Арал өңіріндегі экологиялық қасіретшеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл заңның мақсаты, «Арал экологиялық апаты салдарынан зардап шеккен азаматтардың қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс және олардың статусын, аумақтардың топталуын айқындайды, әлеуметтік оналту шараларына мұқтаж адамдарға өтем мен жеңілдіктер белгілейді, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау, тұрақты тіршілік жағдайын қамтамасыз ету, халықты экологиялық таза тамақ өнімдерімен, медицина құралдарымен, ауыз сумен басым жабдықтау, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту жүйесін қалыптастыруға принципті көзқарастарды баянды ету» болды [9].

Сонымен қатар, біздің ойымызша, денсаулыққа қатысты мынадай арнайы заңдар қабылдану қажет: «Пациенттердің құқықтары туралы» және «Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру туралы». Қазіргі таңда еліміздің азаматтары өздерінің денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын білмейді. Олардың кодексте берілген құқықтары жалпы нормалармен араласып, тек негізгі мәселелерді қамтиды, азаматтардың медициналық ем алуы мен оның салдарларына байланысты мәселелерді жан-жақты реттейтін арнайы заң қажет, мұндай арнайы заң пациенттердің «қойын дәптеріне» айналар еді. Ал, медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру туралы заңның қабылдауы қажеттігі туралы қанша айтылып келе жатса да, бұл қатынастар сақтандыру қатынастарын реттейтін жалпы заңмен қамтылып отыр.

Денсаулық сақтау қатынастарын реттеген еліміздің заңнамасын талдауды қорытындылай келе, қазіргі таңда еліміздің денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы белгілі бір деңгейде қалыптасты және ол азаматтардың құқықтарының кеңеюі мен қорғалуын қамтамасыз ету, осы саладағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру, мемлекеттің әлеуметтік функциясын одан әрі жүзеге асыру бағытында даму үстінде. Себебі денсаулық сақтау саласындағы заңнама денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуінің құқықтық бастауы болып табылады, ол денсаулық сақтау саласын ғана емес, әлеуметтік саланы реттеудің негізгі механизмі рөлін атқарады. Сондықтан денсаулық сақтау саласының заңнамасын жетілдіру арқылы салада қалыптасып отырған дағдарыстан шыға аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 4-бап, 3-тармақ;
2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 21 желтоқсан N 18/2;
3. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекс, 18 қыркүйек 2009 жыл, 186-бап, 2-тармақ;
4. ҚР Бюджет кодексі, 2008 жылғы 4 желтоқсан, , 33-бап, 1-тармақ, ӘділетҚазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
5. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 5 мамыр 2007 жыл, 1-бап, 1-тармақ. ӘділетҚазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
6. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі кодексі, 9 қаңтар 2007 жыл, 1-бап, 1-тармақ. ӘділетҚазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
7. Қазақстан Республикасының Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы Заңы, 19 мамыр 2015 жыл, 1-бап, 1-тармақ. ӘділетҚазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
8. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы N 39 Заңы Заңы, 13 сәуір 2005 жыл, кіріспе бөлімі. ҚР Парламентінің ресми сайты;
9. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14; 1-бап, 1-тармақ.